

**Ойыл ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 1 шілдедегі № 416 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 шілдеде № 7287 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2022 жылғы 9 наурыздағы № 112 шешімімен

**Сноска. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 09.03.2022 № 112 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 509 бабының 5 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ойыл ауданы бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес, пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге арттырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ойыл аудандық  
мәслихатының сессия төрағасы*

*Б. Коздигарин*

*Ойыл аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Е. Жиеналин*